



*«Арқалық қаласындағы
орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

2024 ЖЫЛҒЫ айтулы тұлғалар, атаулы күндер күнтізбесі



«Арқалық қаласындағы
орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ
Әдістеме-библиография бөлімі

2024 жылғы айтулы тұлғалар, атаулы күндер күнтізбесі

Арқалық 2023 жыл

ӘОЖ 038

КБЖ 92

К 17

Құраст.: С. М. Көшкінбай

Шығ. жауапты: Д. Е. Құсайын

Ред.: Д. Е. Құсайын

2024 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегі [Мәтін] / Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі»ММ, Әдістеме-библиография бөлімі ; құраст.: С. М. Көшкінбай; шығ. жауапты. Д. Е. Құсайын. – Арқалық, 2024. – 64 б.

Күнтізбеде жалпы халықтық маңызы бар оқиғалар мен өлкеміздің тарихындағы, экономикасы мен мәдени өміріндегі айтулы оқиғалар мен атаулы күндері, 2024 жылы мерейтойы аталып өтілетін атақты тұлғалар туралы ақпараттар берілген. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

УДК 038

ББК 92

**© Авторлық құқықты қорғау белгісі
(құрастырушының, автордың немесе
мекеменің аты-жөні)**

ISBN 9965-32-862-5

© С. М. Көшкінбай

Құрастырушыдан

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі сіздердің назарларыңызға 2024 жылға берілген Арқалық қаласы және аймағының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

«Күнтізбенің» негізгі мақсаты – өңіріміздің танымал тұлғалары мен оның тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы ақпарат беру. Сондай-ақ біздің кітапхана қорында бар ақпараттарды оқырмандарға жеткізу және насихаттау. Күнтізбе кітапханаларда, оқу орындарында, ұйымдар мен мекемелерде түрлі шараларды өткізуді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Басылымға өлкеміздің атаулы тарихи оқиғалары мен атақты адамдардың мерейтойлары жайында ақпарат енгізілген. Қаламыздың тарихи, мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуына ат салысып жатқан мекемелер мен кәсіпорындардың, қалалар мен аудандардың, селолардың мерейтойлық даталық күндерін табуға болады.

2024 жылдың негізгі оқиғалары мен мерейтойлық күндері: Қазақстан Республикасының астанасын Алматыдан Ақмолаға (қазіргі Астана) көшіру туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы қабылданғанына 30 жыл (1994ж. 6 шілде) , «Нұр Отан» партиясы құрылғанына 25 жыл (1999ж), Қостанай қаласының негізі қаланғанына 145 жыл (1879ж), Батпаққара көтерілісіне 95 жыл (1929ж).

Күнтізбеде көпшілікке танымал белгілі қайраткерлердің өмірі мен атқарған қызметтері жайлы мәліметтер берілген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

Атап айтсақ Елуяой Өмірзақов (125 ж.), Шипин Омар (145 ж.), Бейімбет Майлин (130 ж.), Назарбек Бектемісов (95 ж.), Әліби Жангелдин (140 ж.), Қоғабай Сәрсекеев (85 ж.), Қойшығара Салғарин (85 ж.), Әділбек Майкөтов (155 ж.) және басқалары.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

Бұл атаулы күндер тізбесі жылдың әрбір айы бойынша реттеліп тізіледі және сол жылдың «Айы мен күні белгісіз атаулы күндері» берілген, «Туған күні мен айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған.

Басылым негізінен кітапханашыларға, ақпараттық орталықтың баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне, мұғалімдерге, студенттерге және өлкеміздің тарихын танып-білгісі келген барша оқырман қауымға арналған.

**Қостанай облысы және аймағының 2024 жылы
аталып өтілетін және еске алынатын күндер**

Қаңтар

- 1 - Қазақстанның халық әртісі **Елубай Өмірзақовтың** туғанына 125 жыл (1899-1974).
- 8 – **Ы. Алтынсариннің** Торғайда ашқан алғашқы қазақ мектебі, қазіргі **Ы. Алтынсариннің** мұражай-үйінің ашылғанына 160 жыл (1864).
- 12 - этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым **Сейіт Кенжеахметұлының** туғанына 85 жыл (1939-2011).

Ақпан

- 6 – ғалым-селекционер, Еңбек ардагері, Арқалық қаласының жыл адамы, **Степан Игнатъевич Гачкайлоның** туғанына 85 жас (1939).
- 6 – ақын, журналист, сықақшы, әуесқой сазгер **Марат Нұрқалиевтің** туғанына 70 жыл (1954-1987).

Наурыз

- 7 – музыкант, дирижер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері **Бораш Әбенұлының** туғанына 75 жас (1949).
- 15 – ақын, журналист **Мұқатов Нағашыбай Мұқатұлының** туғанына 75 жас (1949).

Сәуір

- 1 - қазақ жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Салғарин Қойшығара Салғараұлының** туғанына 85 жас (1939).
- 1 - қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері **Қоғабай Сәрсекеевтің** туғанына 85 жыл (1939-2014).
- 15 – мемлекет және қоғам қайраткері **Оразалы Қозыбаевтың** туғанына 100 жыл (1924-1995).

Мамыр

- 5 – ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі **Жолбарыс Баязидтің** туғанына 90 жыл (1934-2023).
- 21 - Қазақстанның халық ақыны, сазгер, жазушы-сатирик, журналист, **Қонысбай Әбілдің** туғанына 70 жыл (1954-2022).

Маусым

- 2 - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Дала өлкесінің төтенше әскери комиссары, Азамат соғысының батыры **Жангелдин Әліби Тоғжанұлының** туғанына 140 жыл (1884-1953).
- 26 – журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Көшкінбай Кененбаевтың** туғанына 80 жыл (1944).

Шілде

- 9 – «**Арқалық хабары**» газетінің жарыққа шыққанына 20 жыл (2004).
- 13 - Арқалық ауылшаруашылық тәжірибе станциясы құрылғанына 45 жыл (1979).
- 31 – «**Шертер**» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрылғанына 50 жыл (1974).

Тамыз

- 4 - мұрағат ісінің үздігі **Мамажан Гүлсара Шолпанбайқызының** туғанына 85 жыл (1939).
- 9 - халық ақыны **Омар Шипиннің** туғанына 145 жыл (1879-1963).
- 12 – жазушы-журналист, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, этнограф **Сабыржан Шүкірұлының** туғанына 85 жыл (1939-2013).
- 19 – КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, дәрігер **Байжұманов Асқар Байжұманұлының** туғанына 85 жас (1939).

Қыркүйек

- 7 – Торғай селосындағы Ы. Алтынсарин атындағы педогогикалық мемориалдық мұражайының құрылғанына 35 жыл (1989).
- 12 – Қараторғай су құбыры іске қосылғанына 50 жыл (1974).
- 15 - Аманкелді ауданындағы А. Иманов атындағы мемориалдық мұражайдың ашылғанына 55 жыл (1969).
- 17 - Арқалық гуманитарлық-педагогикалық колледжінің құрылғанына 45 жыл (1979).
- 21 – Қазақ КСР халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Қапан Бадыровтың** туғанына 120 жыл (1904-2000).

Қазан

- 13** – ақын, қоғам қайраткері **Назарбек Бектемісовтың** туғанына 95 жыл (1929-1992).
- 18** – жазушы, аудармашы, драматург **Мұхамеджан Дүзеновтың** туғанына 100 жыл (1924-1979).

Қараша

- 7** – ақын, журналист **Ілияс Байтұрсынның** туғанына 85 жыл (1939-2003).
- 15** – жазушы **Бейімбет Майлиннің** туғанына 130 жыл (1894-1939).
- 16** - ғалым **Аманқұл Бекеновтің** туғанына 85 жас (1939).
- 28** – ғалым-агроном **Сәдуақасов Нұралы Мұстафаұлының** туғанына 60 жас (1964).

Желтоқсан

- 18** - қоғам қайраткері **Әділбек Майкөтовтің** туғанына 155 жыл (1869-1919).
- 22** – ғалым-физик **Фазылхан Бәйімбетовтың** туғанына 85 жыл (1939-2011).
- 30** – жазушы, журналист, публицист **Жұмабек Кенжалиннің** туғанына 70 жыл (1954-2017).

2024 жылы айы мен күні белгісіз аталып өтілетін және еске алынатын күндер

- халық ақыны **Нұржан Наушабаевтың** туғанына 165 жыл (1859-1919).
- ақын, жырау, шешен, шежіреші, күйші **Ахметқан Әбіқаевтың** туғанына 120 жыл (1904-1986).
- геодезияшы **Василий Михайлович Гордеевтің** туғанына 145 жыл (1879-1966).
- Торғай қаласына қала статусының берілгеніне 155 жыл (1869)
- ағартушы-педагог **Нұрғали Құлжановтың** туғанына 155 жыл (1869-1919).
- Торғай облысында орысша-қазақша 2 кластық училище ашылғанына 145 жыл (1879).
- Батпаққара көтерілісіне 95 жыл (1929).
- Арқалық қаласының құрметті азаматы, заңгер **Бобровсий Григорий Петровичтің** туғанына 95 жыл (1929).
- қалалық № 2 орта мектептің құрылғанына 60 жыл (1964).
- палуан, Орта Азия чемпионы **Таңатқан Дүйсекеевтің** туғанына 125 жыл (1899-1964)

Елубай Өмірзақов
Туғанына 125 жыл
(1899-1974)

1 қаңтар



Өмірзақов Елубай (дұрысы Елеубай) – қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, Б. Майлин ат. ауылда туған – актер, домбырашы-әнші, киноактер, ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. ҚАЗССР халық әртісі (1931). 1923-25 ж. Орынбор қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында оқып білім алған. Алғашында ауыл мектебінде оқып хат таныған. Кейін қисчаларды жаттап өсті. Актер талантының ұшталуына қамқорлық жасаған кісінің бірі – Б. Майлин. Ол алғаш рет ауыл сахнасында Майлин қойған «Қаламқас» спектакліндегі сұлу Қаламқастың да, оның сүйген жары Шапайдың да рөлін бірдей орындап, көпшілікке танылды. 1919 жылы Е. Алдоңғаров, Ә. Еленова, Ж. Еленов, М. Фаризов, А. Сегізбаевтармен бірге «Қызыл керуен» труппасының жұмысына белсене қатысты. 1920-23 ж. Қостанайда милиционерлік қызмет атқара жүріп те өнерден қол үзбеді. Ал Орынборда оқыған кездері Я. Свердлов ат. клуб жанынан ұйымдастырылған әуесқойлар труппасы М. Әуезовтің «Еңлік-Кебегі» мен Ж. Ерданаевтың «Малқамбайын» қойғанда ол осы спектакльдерде Абыз бен Малқамбай рөлдерін ойнады.

Өмірзақов театрда 150-ден астам ірілі-уақты рөлдерде ойнады. Олардың ішінде Әуезовтың «Қарагөзіндегі» Асан сал «Еңлік-Кебектегі» Абыз, Жапал, Кеңгірбай, «Түңгі сарындағы» Жантас, «Қара қыпшақ Қобыландыдағы» Қазан батыр, «Абайдағы» Дәркембай (ССР Мемл. Сыйл. 1952), т.б, Ғ. Мүсіреповтің «Амангелдісіндегі» Амангелді, Мұңайтпас, т.б.

1938 жылдан бастап киноға да түсті. Ол қазақтың тұңғыш көркем фильмі «Амангелдіде» халық батыры Амангелді Үдербайұлы Имановтың рөлін асқан шеберлікпен орындап шыққан.

Өмірзақов қазіргі Қазақтың мемлекеттік академия опера және балет театрын (1934) ұйымдастырушылардың бірі, осы театр сахнасында қойылған Әуезов пен И.В. Коцыктың “Айман – Шолпан” (1934) және Майлин мен Е.Г. Брусиловскийдің “Жалбыр” сияқты музыка спектакльдерінде халық өкілі, тапқыр Жарас пен күзетші Қайрақбайдың рөлін орындады.

1930 – 1940 жылдары драма театрында ойнаумен ғана шектелмей, радио мен филармонияға, эстрадалық концерттер мен кино өнерінің дамуына да қызу ат салысты, табиғи талантының әр қырынан танылды. Халық өнерінің қайнар көзінен нәр алған Өмірзақов әйгілі халық батыры Амангелдінің (әуелі Майлин мен Ғ.М. Мүсіреповтің осы аттас спектаклінде; одан кейін осы аттас фильмде, 1938), сондай-ақ Жарас пен Дәркембайдың бейнесін (Әуезовтің “Түңгі сарыны” мен “Абайында”; соңғы рөлі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді, 1952) шеберлікпен сомдады.

Әдебиеттер:

1. Адам болсам - Бейімбеттің арқасы [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына - 110 жыл] / Елубай Өмірзақов // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 14
2. Өмірзақов, Е. Ұстаздарым-достарым [Мәтін] : естеліктер. – Алматы : Жалын, 1976. – 128 б.



Ол туралы:

3. Елубай Өмірзақов [Мәтін] // Қазақ ССР : 4 томдық қысқаша энцикл. / бас ред. Р. Н. Нұрғалиев. – Алматы : 1989. – Т. 4. – 484–485 б.
4. Қадырменова, Әсемгүл. Еңбегімен еленген ерлер [Мәтін] : ["Құрметті азамат" атағы туралы] / Әсемгүл Қадырменова // Қостанай таңы. – 2017. – 25 шілде. – Б. 5.
5. Қуанова, Роза. Сахна тарланы [Мәтін] : Қазақстанның Халық әртісі Елубай Өмірзақовтың туғанына - 115 жыл / Роза Қуанова // Қостанай таңы. - ("Зерде" тарихи-танымдық қосымшасы). – 2014. – 11 сәуір. – Б. 10.
6. Балтабаева, Ажар. Сахна серкесі - Ел-ағаң [Мәтін] : [халық әртісі Елубай Өмірзақов туралы] / Ажар Балтабаева // Қостанай таңы. – 2007. – 11 желтоқсан. – Б. 5.
7. Кекілбаев, Әбіш. Өлмес өнеге [Мәтін] : [Бейімбет Майлиннің уғанына -110 жыл] / Әбіш Кекілбаев // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 6–10.
8. Бадаққызы, Г. Ел-ағаның ерекше тойы [Мәтін] : [актер Елубай Өмірзақов туралы] / Г. Бадаққызы // Қостанай таңы. – 2000. – 7 қаңтар. – Б. 8.
9. Сахна тарланы [Мәтін] : [Е. Өмірзақовтың туғанына 100 жыл] // Қостанай таңы. – 1999. – 21 желтоқсан. – Б. 3.
10. Қарымсақова, А. Ел-аға ел есінде [Мәтін] : [актер Е. Өмірзақовтың туғанына 100 жыл] / А. Қарымсақова // Қостанай таңы. – 1999. – 22 маусым. Б. 5.
11. Ілияс, Б. Есімін еске алды [Мәтін] : [Қостанайдағы Ы. Алтынсариннің мұражайында қазақ өнерінің классигі Е. Өмірзақовқа арналған көрме ашылды] / Б. Ілияс // Қостанай таңы. – 1999. – 22 маусым. – Б. 5.
12. Кекілбаев, Әбіш. Өлмес өнеге [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына – 110 жыл] / Әбіш Кекілбаев // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 6–10.

Шипин Омар

Туғанына 145 жыл

(1879-1963)

9 тамыз



Омар Шипин 1879 жылы Қостанай облысы, Обаған ауданында (қазіргі Алтынсарин ауданы) туған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысушы, көтеріліс жаршысы. Ауыл молдасынан сауат ашып, халық ауызындағы өлең-жырларды жаттап өскен. 1916 жылғы Торғай көтерілісіне басынан аяғына дейін қатынасып, хан штабының хатшысы болған. Ол көтеріліс күндерінде қаламы мен қаруын қатар ұстап, «Арман», «1916 жыл», «Аманкелдінің айбаты», «Торғай соғысы», «Халық атынан» атты жалынды жырларымен танылды. «Патша тақтан түскенде», «Октябрь нұры», «Ақын үні» т.б. жырлармен жаң заманды шаттана қарсы алды. 1943 жылы Ленинград майданына Қостанайлықтардың сәлем-сауқатын апарып қайтқан делегация құрамында болды. Ақын шығармаларының негізгі тақырыбы Отан мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ерлік дәстүрі, қарапайым адамдардың еңбектегі ерлігі. «Масаты қыз», «Қойшы Күлен», «Жеткіншек» (1954), «Сыбызғы үні», «Бес батыр» дастандарында ұлтымыздың тарихы мен қарапайым халықтың ауыр тұрмысын арқау еткен. Шығармаларының 10 жинағы жарияланды. Орыс тілінде де басылып шықты.

О. Шипин үш рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған, Ленин орденімен, Еңбек Қызыл ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының 1944 жылы 29 маусымдағы жарлығымен Аманкелді батырды есте қалдыру және атап өту жөніндегі зор еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен және бағалы сыйлықтармен марапатталған.

1961 жылы «Қазақ ССР-інің халық ақыны» құрметті атағы берілді.



Шығармалары:

- Қостанай [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Коммунизм таңы. – 1982. – 3 маусым. – Б. 3.
- Таңдамалы шығармалар [Мәтін] : өлеңдер мен дастандар / О. Шипин. – Алматы : Қазмемәдеббас, 1961. – 241 б.
- Аманкелдінің Торғай қаласына шабуылы [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Коммунизм жолы. – 1959. – 17 мамыр. – Б. 3.
- Тың үстіндегі ту [Мәтін] : өлеңдер мен дастандар / О. Шипин. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1957. – 154 б.
- Туған жер [Мәтін] : өлеңдер / О. Шипин. – Алматы : Қазмемкөркемәдеббас, 1955. – 109 б.
- Аманкелді ауданының еңбекшілеріне хат [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Большевиктік жол. – 1944. – 26 сәуір. – Б. 4.
- Ардақты Ленин данышпан [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Большевиктік жол. – 1944. – 21 қаңтар. – Б. 4.
- Алтын заң [Мәтін] : [өлең] / О. Шипин // Большевиктік жол. – 1942. – 5 декабрь. – Б. 4.

Ол туралы әдебиеттер:

14. Советтік Қазақстан жазушылары [Мәтін] : био-библиографиялық анықтамалар. – Алматы, 1987. – Б. 700-701.
15. Хасенов, Ермекбай. Омар ақын ізі қалған [Мәтін] : [халық ақыны Омар Шипин туралы] / Ермекбай Хасенов // Қостанай таңы. – 2007. – 20 қараша. – Б. 4.
16. Жақсан, Оразалы. Бұл қазақта Шипиндей ақын өткен [Мәтін] : [халық ақыны Омар Шипин туралы] / Оразалы Жақсан // Жас Алаш. – 2004. – 4 қыркүйек. – Б. 5.
17. Алдабергенұлы, Қ. Ағаның көз алдымда күміс жүзі [Мәтін] : [ақын О. Шипинге 120 жыл] / Қ. Алдабергенұлы // Қостанай таңы. – 1999. – 1 қыркүйек. – Б. 4.
18. Алдабергенұлы, Қ. Жарқ еткен айнадайын, айналайын [Мәтін] : [ақын Омар Шипин туралы өлең] / Қ. Алдабергенұлы // Қостанай таңы. – 1999. – 1 қыркүйек. – Б. 5.
19. Сағитова, Г. Замана жыршысы [Мәтін] : [ақын Омар Шипинге 120 жыл] / Г. Сағитова // Қостанай таңы. – 1999. – 25 мамыр. – Б. 5.

**Майлин Бейімбет
Жармағамбетұлы
Туғанына 130 жыл
(1894-1938)**

15 қараша



Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылғы 15 қарашада Қостанай ауданы, қазіргі Майлин атындағы совхозда туған. Қазақ Кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Бейімбет алғаш ауыл молдасынан оқып, сауатын ашты. 1911-15 жылы Тройцк қаласындағы Уазифа медресесінде, Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфада медресесінде, Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфадағы Медресе-Ғалияда оқып білім алды. 1916-1919 жылдары мұғалім болды, жазушылықпен шұғылданды. «Еңбекші қазақ» газетінде жұмыс істеді. (1922-23), 1923-25 жылдары «Еңбекші қазақ» газетіне қайтып келді, «Ауыл тілі» газетінде редактор болды (1928-32). 1932-37 жыл аралығында «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор т.б. қызметтер атқарды.

Б. Майлиннің алғаш өлеңдері медреседе оқып жүргеннен бастап газет-журнал беттеріне жарияланды. Оның тұңғыш баспа жүзін көрген шығармалары – «Қостанай уезі, Дамбар болысы» очеркі (1913), «Көңіліме» атты өлеңі (1914), «Шұғаның белгісі» (алғашқы нұсқасы, 1914), «Болған іс» әңгімесі (1915) «Айқап» журналында жарияланды. Осы кезеңнен бастап, поэзиялық туындылармен қатар прозалық шығармаларды да өндірте жазды. Мерзімді баспасөзге белсене қатысып публицистикалық очерк, фельетон т.б. жанрларда қалам тартты.

Б. Майлин Қазақ әдебиетінің проза саласын, әсіресе, көркем әңгіме жанрын өркендетуге көп еңбек сіңірген қаламгер. Оның бұл саладағы тұңғыш көлемді еңбегі – «Шұғаның белгісі» повесі.

Қазақ драматургиясын дамытуда да Майлиннің қосқан өзіндік үлкен үлесі бар. Ол ірілі-ұсақты 25 пьеса, «Жалбыр» либреттосы, «Аманкелді» сценарийінің авторы. Оның тұңғыш драмалық шығармасы – «Шаншар молда» пьесасы 1916 жылы жазылып, ауыл сахнасында қойылды.



Шығармалары:

27. Азамат Азаматыч. Ұлпан [Мәтін] : романдар / Майлин Б. Мүсірепов Ғ. – Алматы : Жазушы, 2009. – 440 б.
28. Ел сыры [Мәтін] : повесть, әңгімелер / Майлин Б. – Алматы : Жазушы, 2003. – 192 б.
29. Көшпелі махаббат [Мәтін] : әңгімелер / Майлин Б.; құраст.: Д. Әшімханұлы. – Астана : Таным, 2003. – 80 б.
30. Шұғаның белгісі: повестер, әңгімелер / Майлин Б. – Астана : Елорда, 1999. – 364 б.
31. Ел сыры [Мәтін] : повестер, әңгімелер, өлеңдер, фельетондар Майлин Б. – Алматы : Жазушы, 1994. – 352 б.
32. Тұңғыш құрбан [Мәтін] : белгісіз шығармаларының жинағы / Майлин Б.; құраст. С. Байменшин. – Алматы : Рауан, 1994. – 254 б.
33. Әйт, шүу, ала атым [Мәтін] : өлеңдер / Майлин Б. – Алматы : Жалын, 1990. – 14 б.
34. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. 1928-1935 жылдар арасындағы әңгімелер, романның үзінді, повесть, сценарий / Майлин Б. – Алматы : Жазушы, 1988. – 432 б.
35. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. Роман және повестер / Майлин Б.; Қаз. ССР Ғылым акад. М. О. Әуезов атындағы әдебиеті және өнер ин - ты. – Алматы : Жазушы, 1988. – 456 б.
36. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Повестер мен әңгімелер / Майлин Б.; Қаз. ССР Ғылым акад. М. О. Әуезов атындағы әдебиеті және өнер ин-ты. – Алматы : Жазушы, 1987. – 336 б.
37. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. Пьесалар / Майлин Б. жауапты шығар.: М. Атымұмов ; Қаз. ССР Ғылым акад. М. О. Әуезов атындағы әдебиеті және өнер ин-ты. – Алматы : Жазушы, 1987. – 352 б.
38. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, поэмалар / Майлин Б.; жауапты шығар.: М. Атымұмов ; Қаз. ССР Ғылым акад. М. О. Әуезов атындағы әдебиеті және өнер ин-ты. – Алматы : Жазушы, 1986. – 344 б.
39. Шұғаның белгісі [Мәтін] : повесть және әңгімелер / Майлин Б. – Алматы : Жалын, 1981. – 192 б.
40. Раушан – коммунист [Мәтін] : повесть / Майлин Б. – Алматы : Мектеп, 1980. – 56 б.
41. Қызыл жалау [Мәтін] : роман, повесть, әңгіме, пьеса, фельетон, очерктер / Майлин Б.; құраст.: С. Ордалиев. – Алматы : Жазушы, 1979. – 384 б.
42. Таңдамалы [Мәтін] : повестер және әңгімелер / Майлин Б. – Алматы : Жазушы, 1977. – 544 б.

43. Кемпірдің ертегісі [Мәтін] / Майлин Б. – Алматы : Жазушы, 1971. – 24 б.
44. Рамазанұлы, Сәлімжан. Бейімбетке арнау [Мәтін] : толғау / Сәлімжан Рамазанұлы // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 29 желтоқсан. – Б. 12.
45. Ыбырай, Әлібек. Би-ағанның кейіпкері [Мәтін] : немесе Есмолданың ұрпағы айтқан ақжарма сыр / Әлібек Ыбырай // Қостанай таңы. – 2017. – 21 сәуір. – Б. 10–11.
46. Меңдібай, Сәлім. Би-ағана бас иген [Мәтін] : журналист жазушы,ғалым, дипломат Серікқали Байменше туралы сөз / Сәлім Меңдібай // Қостанай таңы. – 2016. – 5 ақпан. – Б. 6.
47. Тұрсынбайұлы, Бағашар. Би-ағанның елінде [Мәтін] : [жазушы Б. Майлин туралы] / Тұрсынбайұлы Бағашар // Қазақ әдебиеті. – 2014. – 22–28 тамыз. – Б. 1, 4
48. Майлина, Күлжамал. Аяулы жолдас, адал жар [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің отбасылық өмірі туралы] / Майлина Күлжамал // Аңыз адам. – 2014. – № 11. – Б. 9–10.
49. Рахманова, Нұржанат. "Раушан коммунисттегі" автор мен кейіпкер[Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің "Раушан коммунист" повесі жайлы] / Нұржанат Рахманова // Жұлдыз. – 2010. – № 2. – Б. 202–208.
50. Меңдібай, Сәлім. Би-ағанның жоқтаушысы [Мәтін] : әдебиетші, ғалым, қайраткер Тоқтар Бейісқұловтың бес томдық жинағы шықты / Меңдібай Сәлім // Қостанай таңы. – 2010. – 25 мамыр. – Б. 2.
51. Қамытбекұлы, Ғалымжан. Сайрамдағы тарихи тас эрмитажда тұр [Мәтін] : [жазушы Бейімбет жазған тас бағана туралы] / Қамытбекұлы Ғалымжан // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 12 желтоқсан. – Б. 13.
52. Қабышұлы, Ғаббас. Би - ағаның Тоқтары [Мәтін] : [Бейімбет Майлинді зерттеуші Т. Бейісқұлов туралы] / Ғаббас Қабышұлы // Әдебиет айдыны. – 2007. – 1 ақпан. – Б. 10.
53. Қамбарбекова, Қ. "Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз" [Мәтін] : [жазушы Б. Майлин шығармаларын оқыту] / Қ. Қамбарбекова // Сыныптағы тәрбие. – 2006. – № 5. – Б. 30–34.
54. Меңдібай, Сәлім. Би - ағанның алдындағы бір парызымыз [Мәтін] : [Бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұловтың хаты] / Сәлім Меңдібай // Зерде - (" Қостанай таңының" тарихи танымдық қосымшасы). – 2006. – № 1. – 3 наурыз. – Б. 4.
55. Кәдірбекқызы, Г. Үш алып, үш бәйтерек [Мәтін] : [халқымыздың ұлы перзенттері - Сәкен, Бейімбет, Илиястің өмірі мен шығармаларымен таныстыру] / Г. Кәдірбекқызы // Ұлағат. – 2005. – № 2. – Б. 33–35.
56. Қалина, Кәмшат. Ұмтылыс ұлы тұлға [Мәтін] : [жазушы Б. Майлиннің шығармашылығы туралы] / Кәмшат Қалина // Торғай. – 2005. – 14 қаңтар. – Б. 3.

57. Майлина, Күлжамал. 28 жыл өксідім [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлин туралы жары Күлжамал Майлинаның естелігі] / Күлжамал Майлина // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 15.
58. Қожамқұлов, Серке. Ел қамын жеген Едіге еді [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына - 110 жыл] / Серке Қожамқұлов // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 15.
59. Құдаш, Сәйфи. Көз қарашығына айналған қолтаңба [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына - 110 жыл] / Құдаш Сәйфи // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 13–14.
60. Өмірзақов, Елубай. Адам болсам - Бейімбеттің арқасы [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына - 110 жыл] / Елубай Өмірзақов // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 14.
61. Мұқанов, Сәбит. Тобылдан шыққан тарланбоз [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына - 110 жыл] / Сәбит Мұқанов // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 12–13.
62. Кекілбаев, Әбіш. Өлмес өнеге [Мәтін] : [Бейімбет Майлиннің туғанына – 110 жыл] / Әбіш Кекілбаев // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 6.

Бектемісов Назарбек
Туғанына 95 жыл
(1929-1992)

13 қазан



Ақтангер ақын, қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Назарбек Бектемісов 1929 жылы қазанның 13 жұлдызында Жангелдин ауданының Көкалат ауылында дүниеге келген. Қарағанда мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген.

Назарбек Бектемісов 1947-1957 жылдары Жангелдин ауданының мектептерінде мұғалім, 1957-1982 жылдары аралығында аудандық газетте бөлім комитетінде нұсқаушы, совхоз партком хатшысы, аудандық газет редакторы қызметтерін атқарды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Шабытты еңбегінің нәтижесі болар, сол жылдарда Алматыда «Жазушы» баспасынан Назарбек Бектемісовтың «Ақшығанақ» деген тұңғыш жинағы жарық көрді. Жыр жинағы торғайлық азаматтың ақындық аңғарының кең, қаламының ұшқыр екенін оқырман қауымға айқын ұқтырады.

Назарбектің алғашқы туындысы республикаға белгілі ақындар мен сыншылар тарапынан жылы лебізге ие болды. Ұлылардың баталы сөздері төкпелі ақынды шабытты еңбекке жетелей түсті. Ақын «Торғай толқындары» атты екінші жинағын өмірге әкелді. Оқырман жылы қабылдады. Жинақты оқыған оқырман көз алдына таңғажайып ертегілер елі – Торғай даласының қатпар – қатпар тарихын көзіне елестетіп, қазақ рухымен тыныстанғандай әсер алды.

Торғайдың ақиық ақыны, алғыр журналист Назарбек Бектемісов өзінің өскен өңірінің өз заманында өрнек тартқан атпал да апайтөс ақындары Сейдахмет, Әбіқай, Есенжол, Жұмабай, Сәт, Нұрхандардың шығармашылығын зерттеген бірден бір әдеби зерттеуші. Алтын қазынаны ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру ниетінде жазылған небір ғажайып дүниелер Назарбектің «Ахмет ұшқан алтын ұя» атты зерттеу кітабында өзіндік өрнек алған. Назарбек Бектемісов керемет өлкетанушы, тұла бойы тұнған шежіре. Ол журналист ретінде жазған жол жазбалары, атап айтқанда, «Сәтбай салған кара жол», «Хан» мен «Жалау», «Тоты құстың аралы», «Атан басы ақ ирек», «Су аяғы құрдым» атты очерктері тұнып тұрған танымдық дүниелер.

Назарбек Бектемісов еліне ақындығымен ғана емес, үлкен азаматтығымен танылған тұлға. Ол өзі партия ұйымының хатшысы болған «Еңбек», «Шилі», «XXI партсъезд» совхоздарында білгір ұйымдастырушы және тәрбиеші, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын ойлайтын азамат екендігін көрсете білді. Оның «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталуы – халық сенімінен шыққанының белгісі. Мұның сыртында «СССР баспасөзінің үздігі» деген атақты иемденді.

Торғайдың топжарған ақыны, жүрегі жомарт, көңілі дархан, пейілі зор, елдің біртуар азаматы Назарбек Бектемісов 1992 жылы Арқалық қаласында дүниеден өтті. Ұлы ақын артына өшпес мұра қалдырып кетті. Өзі жазған шығармаларын баласы, ел таныған азамат Асқарбегінің қолдауымен республикалық «Жалын» және «Елорда» баспаларында жарық көрді. Ел Назарбек Бектемісовтың «Наз - ғұмыр», «Ахмет ұшқан ұя» атты поэтикалық дүниелерімен етене танысуға қол жеткізді. 2004 жылы ақиық ақынның 75 жасқа толуына қарсаңында Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның, замандастарының, әріптестерінің естеліктері топтастырылып, «Елорда» баспасынан «Найзағай – ақын, Наз - аға» деген көлемді жинақ жарық көрді.

Ұлы ақындардың жалғасы болған Назарбек Бектемісовтің өзі де ұлылардың қатарында мәңгіге қалды.



Шығармалары:

63. Ақшығанақ [Мәтін] : өлеңдер, поэмалар / Бектемісов Н. – Алматы : Жазушы, 1977. – 64 б.
64. Бектемісов, Назарбек. Туған жер суреттері [Мәтін] : [өлең] / Назарбек Бектемісов // Арқалық хабары. – 2009. – 17 шілде. – Б. 4.
65. Кекілбаев, Әбіш. Өлмес өнеге [Мәтін] : [Бейімбет Майлиннің туғанына -110 жыл] / Әбіш Кекілбаев // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – Б. 6–10.
66. Бектемісов, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] : [Торғайдағы ақындық мектептің бір ұстазы Есенжол Жанұзақұлы жайлы дерек] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 23 мамыр. – Б. 3.
67. Бектемісов, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] : [ақын Есенжол Жанұзақұлы туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 12 мамыр. – Б. 4.
68. Бектемісов, Назарбек. Танылмай кеткен талант [Мәтін] : [ақын Жұмабай Әбдікәрімов туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 20 сәуір. – Б. 3.
69. Бектемісов, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] : [жазушы А. Байтұрсынов пен М. Дулатов туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 18 сәуір. – Б. 3.
70. Бектемісов, Назарбек. Туған өлке шежіресі [Мәтін] : [туған ел -жер атаулары тарихы туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 6 – ақпан. – Б. 3.
71. Бектемісов, Назарбек. Қошқарұлы Жәнібек - тарихи тұлға [Мәтін] : [батыр Шақшақ Жәнібекке ескерткіш орнату туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 18 қаңтар. – Б. 3.

72. Бектемісов, Назарбек. Төрт тағандар [Мәтін] : [рубаяттар] / Назарбек Бектемісов / Арқалық таңы. – 1991. – 1 қаңтар. – Б. 4.
73. Бектемісов, Назарбек. Мансапқорға [Мәтін] : [өлең] / Назарбек / Бектемісов // Арқалық таңы. – 1990. – 14 шілде. – Б. 4.
74. Бектемісов, Назарбек. Ақынды өлең жүдетпес [Мәтін] : [өлең] / Назарбек Бектемісов // Арқалық таңы. – 1990. – 14 шілде. – Б. 4.
75. Бектемісов, Назарбек. Ескерткіштер жайлы бірер сөз [Мәтін] : ["Албарбөгет" бөгеті туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1984. – 7 наурыз. – Б. 6.
76. Бектемісов, Назарбек. Йілмеген емен [Мәтін] : [поэма] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1980. – 18 қазан. – Б. 4.
77. Бектемісов, Назарбек. Ана жүрегі [Мәтін] : [баллада] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1979. – 13 қазан. – Б. 3.
78. Бектемісов, Назарбек. Батырлық баспалдағы [Мәтін] : [өлеңдер] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1979. – 12 мамыр. – Б. 4.
79. Бектемісов, Назарбек. Гагарин [Мәтін] : [өлең] / Назарбек Бектемісов // Жұлдыз. – 1978. – № 12. – Б. 175.
80. Бектемісов, Назарбек. Нөсер [Мәтін] : [өлең] / Назарбек Бектемісов // Жұлдыз. – 1978. – № 12. – Б. 174.

Ол туралы:

82. Назарбек Бектемісов [Мәтін] // Торғай тарландары : өмірбаяндық энцикл. / Ә. Жақып. – Астана : Арыс, 2009. – 1т. – 46-47 б.
83. Назарбек Бектемісов [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы : Арыс, 2013. – 126-127 б.
84. Оспанұлы, Серікбай. Торғайдың тулап аққан толқынындай [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Серікбай Оспанұлы // Торғай. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 4.
85. Бектемісов, Асқарбек. Алаяқтардың әлегі немесе жүйке неден жұқарды..; Қодытың қорлығы [Мәтін] : [үй мәселесі туралы] / Асқарбек Бектемісов // Торғай. – 2010. – 20 тамыз. – Б. 4.
86. Байділдин, Шөптібай. Талайды тамсандырған әдеби кеш [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісұлына арналған кеш] / Шөптібай Байділдин // Арқалық хабары. – 2009. – 9 қазан. – Б. 3.
87. Қожахметұлы, Еркін. Төкпе ақын, шешен тұлға [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Еркін Қожахметұлы // Біздің Торғай. – 2009. – 16 қаңтар. – Б. 3.
88. Байділдин, Шөптібай. Төрт аяғы тең жорға [Мәтін] : [ақын, журналист Назарбек Бектемісұлы туралы] / Шөптібай Байділдин // Арқалық хабары – 2008. – 15 тамыз. – Б. 4.
89. Әсіпұлы, Сапабек. Сергек те сезімтал ақын [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Сапабек Әсіпұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 12 тамыз. – Б. 7.

90. Мауданов, Абылай. Көкала ат, кер заманда майып болған [Мәтін] : [жазушы Назарбек Бектемісов жайлы] / Абылай Мауданов // Қостанай таңы. – 2007. – 10 қаңтар. – Б. 6.
91. Айтмағамбетов, Есмұхамбет. Әкенің қадірін ұққан ұл [Мәтін] : [әке аманаты ақын Назарбек Бектемісовтің еңбектерінің жарық көруі] / Есмұхамбет Айтмағамбетов // Қостанай таңы. – 2006. – 26 шілде. – Б. 6.
92. Бектемісова, Қарлығаш. "Адам болам десеніз, осылардан қашық бол!" [Мәтін] : [өлеңдер] / Қарлығаш Бектемісова // Валеология. Дене тәрбиесі. Спорт. – 2006. – № 3. – Б. 37.
93. Иіпұлы, Тойшыбек. Ат тұяғын тай басар [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісовке баласы Асқарбектің мүсіндеп ескерткіш орнатуы] / Тойшыбек Иіпұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 25 қаңтар. – Б. 8.
94. Байжан, Ахметхан. Өлең сөздің падишасы Назаға [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Ахметхан Байжан // Торғай. – 2004. – 24 желтоқсан. – Б. 4.
95. Әбдікұлы, Төлен. Өмірге өмір жалғасып [Мәтін] : [жазушы Назарбек Бектемісов жайлы естелік] / Төлен Әбдікұлы // Қостанай таңы. – 2004. – 5 мамыр. – Б. 5.
96. Сәрсекеев, Қоғабай. Асыл аға [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Қоғабай Сәрсекеев // Қостанай таңы. – 2004. – 21 сәуір. – Б. 4–5.
97. Байтұрсын, Ілияс. Торғай таланттарының тамаша тарланы [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Ілияс Байтұрсын // Қостанай таңы. – 2004. – 11 ақпан. – Б. 6.
98. Байтұрсын, Ілияс. Торғай таланттарының тамаша тарланы [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Ілияс Байтұрсын // Қостанай таңы. – 2004. – 10 ақпан. – Б. 7.
99. Салғараұлы, Қойшығара. Парыз [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Қойшығара Салғараұлы // Қостанай таңы. – 2004. – 3 ақпан. – Б. 4.
100. Жүнісұлы, Жақсылық. Туысы бөлек тұлға еді [Мәтін] : [ақын Н. Бектемісұлы туралы] / Жүнісұлы Жақсылық // Қостанай таңы. – 1999. – 14 мамыр. – Б. 4.
101. Ақын Назарбек Бектемісов 50 жаста [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] // Торғай таңы. – 1979. – 13 қазан. – Б. 4.
102. Бадаева, Сәуле. Ақын оқыған лекция [Мәтін] : [ақын Назарбек Бектемісов туралы] / Сәуле Бадаева // Торғай таңы. – 1991. – 23 мамыр. – Б. 6.
103. Бектемісов, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] : [ақын Есенжол Жанұзақұлы туралы] / Назарбек Бектемісов // Торғай таңы. – 1991. – 12 мамыр. – Б. 4.

Жангелдин Әліби
Туғанына 140 жыл
(1884-1953)

2 маусым



Әліби Тоғжанұлы Жангелдин – мемлекет және қоғам қайраткері, далалық өлкенің төтенше әскери комиссары, саяхатшы, Қазақстанда Кеңес үкіметін орнату және нығайту жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі. В. И. Ленинмен бірнеше рет кездескен. Ол Торғай облысының (қазіргі Қостанай облысы) Жанкелдин ауданында туған.

1903 жылы Қостанай орыс-қазақ училищесін бітіріп, Қазан мұғалімдер семинариясында оқуға түсті. 1905 жылғы революцияға қатысқаны үшін оқудан шығарылады. 1906 жылы Мәскеу діни академиясына алынды, мұнда да студенттердің революциялық қозғалысына қатысты, жасырын саяси әдебиеттерді оқыды, 1910-1912 ж. «Николай Степанов» деген бүркеншік атпен Европа, Таяу Шығыс, Орта Шығыс, Африка, Үндістан, Қытай, Жапония елдерін жаяу аралады. 1913 жылы Қазақстанда революциялық жұмыс жүргізді. Паша үкіметінің қуғындауына байланысты Қырымға кейін Петроградқа ауысты. 1916 жылы Аманкелді Имановпен бірге Торғай облысының қазақ шаруаларының ұлт-азаттық көтерілісін басқарды. 1917 жылы желтоқсанда РСФСР Халкомсованы Ә. Жанкелдинді Торғай облысының Төтенше әскери комиссары етіп тағайындады. Торғай облысының кеңестердің 1-съезін ұйымдастырып, онда облатком председателі болып сайланды. 1918 жылы мамырда Қырғыз (Қазақ) далалық өлкесінің Төтенше және әскери комиссары болып тағайындалып, Қызыл Армияның қазақ бөлімдерін құруға басшылық етті. Азамат соғысы кезінде Кеңес үкіметінің тапсыруымен Ақтөбе майданына қару-жарақ жеткізу жөніндегі экспедицияны басқарды. 1919 жылы Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-рев. Комитеті председателінің орынбасары, 1920-25 ж. ҚАССР ОАК Президиумы председателінің орынбасары, ал 1921-1929 ҚАССР Қамсыздандыру халкомының міндетін қоса атқарды. 1937-42 ж. және 1951 жылдан Қаз ССР Жоғары Кеңесі Президиумы председателінің орынбасары. РК (б) П 13 съезінің делегаты (1924), 1938 жылдан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Ленин орденімен, Қызыл Ту орденімен марапатталған. Қостанай облысында бір ауданға, республиканың бірнеше елді мекендерінде

Ә. Жангелдиннің аты берілген.



Ол туралы:

104. Әліби Жангелдин [Мәтін] // Торғай тарландары : өмірбаяндық энцикл. / Ә. Жақып. - Астана : Арыс, 2009. – 1т.– 64–69 б.

105. Әліби Жангелдин [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы : Арыс, 2013. - Б. 178-180.
106. Қазақ күнтізбесі - 2014. Жылқы жылы [Мәтін] : / құраст. Н. Оразбек. Алматы : Қазақстан, 2014. - 384 б.
107. Республиканың бірінші депутаттары - 1938 жыл [Мәтін] : мұрағаттық құжаттар жинағы. 2-том / құраст.: Г. М. Қаратаева, Н. П. Кропивницкий. - Астана : ІС-Сервис, 2011. - 368 б.
108. Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі [Мәтін] : [жолсілтеме]. - Қостанай : Шапақ, 2011. - 122 б.
109. Жүз тұңғыш [Мәтін] : жинақ. 2-кітап / құраст.: Бексұлтан Нұржекеұлы. - Алматы : Жалын, 2005. - 352 б.
110. Әсіпов, С. Әліби Жангелдин [Мәтін] : / Әсіпов С. – Алматы : Қазақстан, 1990. - 192 б.
111. Әліби Жанкелдин [Мәтін] : документтер мен материалдар / құраст.: Р. И. Голубева, М. Б. Байкенов, Ә. М. Мұқтаров, Т. Ж. Шойынбаев. – Алматы : Қазақстан, 1975. - 224 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

112. Есенжол, Азамат. Алтын көмбе [Мәтін] : [құранқари ақын Файзолла Сатыбалдыұлы туралы] / Азамат Есенжол // Мәдени мұра. - 2012. – № 2. - Б. 53-56.
113. Ағыбаева, Айзат. Тәуелсіз ел перзентімін [Мәтін] : [мектеп оқушысының Тәуелсіздіктің 20 жылдығы туралы айтқан ой пікірі] / Айзат Ағыбаева // Қостанай таңы. - 2011. - 7 желтоқсан. – Б. 4.
114. Жангелдиннің жұмбақ әлемі [Мәтін] : [төтенше комиссар, революционер Әліби Тоғжанұлы Жангелдин қарамағында жұмыс істеген Ізгілік Нұрмағанбетұлымен сұхбат] / әңг. Гүлзейнеп Сәдірқызы // Егемен Қазақстан. - 2010. - 27 қазан. - Б. 14.
